

Халықаралық қоғамдастық

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан - Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысын өткізді

Жиын барысында Мемлекет басшысы Түркияның ежелден бауырлас, тамырлас және түбі бір туысқан ел екенін атап өтіп, ортақ тарихи және рухани құндылықтарға негізделген қазақ-түрік ынтымақтастығы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында тұрақты дамып келе жатқанына назар аударды.

– Біз осы сара жолды жалғастырып, өзара байланысты бүгінгіден де биік белеске көтеруге мүдделіміз. Құрметті Президент мырза, Өзіңізбен жаңа ғана шағын құрамда өткізген келіссөздерді жоғары бағалаймын. Біз ықпалдастығымызды кеңейтуге ниетіміз бар екенін тағы да бекемдей түстік. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынтымақтастық де жеткілікті. Екі елдің ара-

сында ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Атап айтқанда, алпыстан астам екіжақты шарттар мен келісімдер бар. Бүгін де бірқатар екіжақты келісімге қол қойылады, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңесте өзара саудасаттық көлемін ұлғайту мәселесі талқыланды. Былтыр өзара сауда айналымы 5 миллиард доллар болған. Бұл көрсеткішті еселеуге барлық мүмкіндік бар. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз Түркия нарығына кемінде 34 түрлі өнім жеткізуге дай-



ын. Оның көлемі 1 миллиард долларға жуықтайды. Түркиядан келетін тауар түрлерін де арттыра түсу маңызды.

Тараптар тауар айналымын ұлғайту жолында көлік-логистика саласының маңызы

айрықша екенін атап өтті. Бұл ретте Қазақстан Президенті Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға баса мән беріліп отырғанын жеткізіп, заманауи теміржол, құрлықтағы порттар мен жүк терминалда-

рын салуға және кеме өндірісіне түрік инвестициясын тартуға мүдделі екенімізді мәлімдеді.

Президенттің айтуынша, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қолға алынған реформалар шетелдік кәсіпкерлерге мол мүмкіндік береді. Еліміз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайын.

Бұдан бөлек Кеңес отырысында екі ел делегациялары энергетика саласындағы ықпалдастық мәселесіне

тоқталды. Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай құбыры арқылы экспорт көлемін арттыру мәселесін талқылады.

Мемлекет басшысы түрік компанияларын энергия тапшылығын жоюға бағытталған жобаларға қатысуға шақырды. Әсіресе «ҚазМұнайГаз» бен Türkiye Petroleum арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі болатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексінде шикізатты терең өңдеуге ынталандыратын роялти тәртібі, яғни айрықша мүмкіндіктер қарастырылғанын жеткізді. Түрік инвесторларына бірлескен қор құру арқылы тау-кен саласы мен табиғи ресурстарды игеруге қатысты тың жобаларды жүзеге асыру ұсынылады.

Екі елдің ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығының болашағы зор.

(Жалғасы 2 бетте).

Аймақ басшысының жұмыс сапары

Макинск қаласында теміржол вокзалының күрделі жөндеуі қарқынды жүргізілуде. Бұл жұмыс жолаушылар инфрақұрылымын жаңғыртуға арналған ауқымды республикалық бағдарлама аясында іске асырылып жатыр. Алдағы айларда вокзал ғимараты толығымен түрленіп, жаңа кейіпке енеді. Аймақ басшысы Марат Ахметжанов жұмыс сапары барысында құрылыс барысымен танысты.

Жалпы республика бойынша 125 вокзалға жөндеу жүргізу жоспарланған, соның ішіндегі 16 вокзал Ақмола облысында орналасқан. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш саналады. Жұмысқа өңірде екі мердігер ұйым – «Жарқын Құрылыс» ЖШС мен «Integro Construction» ЖШС

жұмылдырылған.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Владимир Кулаковтың айту-

ынша, жұмыстар бекітілген кестеге сай жүргізіліп, жыл соңына дейін толық аяқталады деп жоспарланып отыр.

«Вокзалдың жалпы ауданы 344,4

шаршы метрді құрайды. Қазіргі уақытта демонтаж жұмыстары аяқталып, ғимараттың қасбеті қапталуда, тірек құрылымдары нығайтылып, жаңа шатыр

орнату басталды. Сонымен қатар вокзал алдындағы аумақты абаттандыруға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Қаржыландыру мәселесі облыстық мәслихаттың алдағы сессиясында қаралады», – деді Кулаков.

Бұл вокзал ғимараты өткен ғасырдың 50–60-жылдары салынған еді. Соңғы күрделі жөндеу жұмыстары 20 жылдан астам уақыт бұрын жүргізілген. Макинск елорда мен облыс орталығының аралығында орналасқандықтан, вокзал үлкен жолаушылар легіне қызмет көрсетеді.

«Бұл ғимаратқа расында-ақ көптен бері жөндеу қажет еді. Әуелде тек үстірт жөндеумен шектеледі деп ойлағанбыз, бірақ бәрін түбегейлі жаңартып жатыр екен.

(Жалғасы 2 бетте).



Диалог форматында маңызды сұрақтар талқыланды

Аудан басшысы А. Смайыловтың қатысуымен мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту мәселелері бойынша семинар өз мәресіне жетті.



Іс-шараға Ақмола облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтерді көрсетуді талдау бөлімінің басшысы Д. Ф. Жұмабек қатысып, мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін, сондай-ақ жергілікті жерлерде халыққа уақтылы және дұрыс қызмет көрсетудің маңыздылығын түсіндіріп, пайдалы ақпаратпен бөлісті.

Семинардың ашық диалог форматында өтуі екі тараптан практикалық ұсыныстар мен қызықты сұрақтарға жауаптар алуға мүмкіндік берді.

Важные темы обсуждены в формате диалога

С участием акима района А. Смаилова состоялся семинар по вопросам повышения качества и доступности государственных услуг.

Спикером семинара выступила начальник отдела анализа предоставления государственных услуг аппарата акима Акмолинской области Д. Г. Жумабек, которая в ходе встречи с коллегами разъяснила стандарты и регламенты предоставления государственных услуг, а также важность своевременного и правильного предоставления услуг населению на местах.

Семинар прошел в формате открытого диалога, что позволило сторонам выработать практические предложения и получить

исчерпывающие ответы на интересующие вопросы.

А. АМАНЖОЛОВА.



АПТА ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС НЕДЕЛИ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан - Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысын өткізді

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Қазақстанда өндірілетін дәнді-дақылдың төрттен бірі, мақтаның үштен бір бөлігі, дән желімшесінің (клейковина) 26 пайызы Түркияға экспортталады. Жалпы, елімізде түрік кәсіпкерлерінің қатысуымен ауыл шаруашылығында құны 1,3 миллиард доллар болатын 23 инвестициялық жоба қолға алынған. Олардың 18-і іске қосылып, өнімдері халықаралық нарыққа шығарылуда.

Сонымен қатар тараптар қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық технология, жасан-

ды интеллект, қаржы, азаматтық авиация, мәдениет, білім, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы ынтымақтастық перспективасы жөнінде егжей-тегжей пікір алмасты. Соның ішінде, екі елдің білім бағытындағы қатынастарының тамыры тереңде жатыр. Алдағы уақытта Астана мен Алматы қалаларында «Маариф» қорының екі мектебі, сондай-ақ Түркияның үздік оқу орындарының филиалдары ашылмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Түркияның жер сілкінісі болған Газиян-

теп провинциясында былтыр желтоқсанда жаңа мектеп құрылысы басталды. Білім беру ошағы келесі жылы пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек, туризм саласындағы оң үрдісті қолдау, сондай-ақ сан қырлы екіжақты байланыстарды ілгерілету үшін Түркия азаматтарына Қазақстан аумағында 90 күнге дейін визасыз жүруге рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Қазақстан делегациясына ілтипат білдірген Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Екінші отаныңызға қош келдіңіз» деп ерекше құрмет

көрсетті. Сондай-ақ қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, кемеңгер Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл толуымен құттықтады.

– Біз Қазақстанмен арадағы ынтымақтастыққа ерекше мән береміз. Бүгінде екі ел арасындағы байланыстар стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Осы оң серпінді сауда-саттық, қорғаныс өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм және мәдениет салаларында одан әрі тереңдетуді мақсат етіп отырымыз. Қазақстан – атамекеніміздегі ең ірі сауда

серіктесіміз. Сауда айналымын 15 миллиард долларға жеткізу үшін жұмысымызды жалғастырамыз, – деді Түркия Президенті.

Кеңес отырысында Қазақстан тарапынан Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Түркия тарапынан Сыртқы істер министрі Хакан Фидан баяндама жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде, Жоғары деңгейдегі

стратегиялық ынтымақтастық кеңесі бесінші отырысының қорытындысы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі бесінші отырысының шешімін және Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасында Бірлескен декларация қабылданды.

Мемлекет басшысының Анкараға ресми сапарының аясында 18 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойылды.

akorda.kz.

Аймақ басшысының жұмыс сапары

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Ескі ғимараттан түк қалмапты деуге болады. Уақтылы аяқталса екен дейміз. Бізде оқу үшін қатынайтын студенттер көп – енді жағдай анағұрлым ыңғайлы болады», – дейді Макинск тұрғыны Гүлмира Шарипова.

Сапар барысында облыс әкімі өңірдегі өзге де қалалар мен аудандарда – Көкшетау, Щучинск, Атбасар, Ақкөл, Есіл, Ерейментау, Державинск қалаларында, сондай-ақ Жақсы, Жалтыр, Аршалы, Шортанды, Никольское, Еркіншілік, Сарыоба мен Ұланты ауылдарында вокзалдарды күрделі жөндеу барысы туралы есептерді тыңдады.

Марат Ахметжанов мердігер ұйымдар мен тиісті басқармаларға жұмыстардың сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

«Теміржол вокзалы – қаланың айнасы. Әр жолаушы үшін жайлылық, қауіпсіздік және заманауи инфрақұрылым қамтамасыз етілуі керек. Әсіресе Макинск секілді маңызды елді мекендерде. Барлық нысан сапалы әрі уақтылы аяқталуы тиіс», – деп атап өтті аймақ басшысы.

Ақмола облысында білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған «Келешек мектептері» ауқымды

бағдарламасы жалғасуда. Қазіргі таңда тоғыз мектеп күрделі жөндеуден өтіп, есігін қайта ашты. Келесі кезекте Бұланды ауданы Макинск қаласындағы Баулан Шолақ атындағы мектеп-лицей жаңартылып жатыр.

1955 жылы салынған оқу орны ұзақ жылдар бойы жаңғыртуды қажет етіп келген еді. Қазір білім ұясы іргетасынан бастап оқу кабинеттеріне дейін толық жаңғыртылып жатыр. 360 оқушыға арналған мектеп екі ауысымда оқытады, онда 78 қызметкер жұмыс істейді. Алайда ғимараттың тозығы жетіп, ескі инженерлік желілер қазіргі білім беру талаптарына сай келмейтін.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жұмыс сапары барысында жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

«Бұрын мектептерді күрделі жөндеу екі жылға созылып кететін: алдымен ішкі әрлеу, кейін фасад пен аумақты абаттандыру. Мұның соңы



шатасуға, жобаларды түзетуге, кейде оқу процесіне кедергі келтіруге алып келетін. Сондықтан біз енді екі жылға созылған жөндеуге жол бермейміз. Бәрін бір жылда аяқтау қажет – бұл тез, арзан әрі халыққа тиімді», – деді өңір басшысы.

Макинсктегі жөндеу жұмыстарын «Абсолют Строй Инвест» ЖШС жүргізіп жатыр. Мердігерге жаңа оқу жылына дейін күрделі жөндеуді аяқтау тапсырылған. Дегенмен, әкімнің айтуынша, жылдамдық сапаға кері әсер етпеуі тиіс – бақылау қатаң болмақ.

Құрылыс жұмыстары жүріп жатқанда

нәтижелермен бөлісті:

«Жоба мектеп асханасында тұз бен трансмайларды азайтып, көкөніс, жеміс-жидек пен дәмді дақылдарды көбейтуді көздейді. Мақсатымыз – балаларға өмір бойына пайдалы тамақтану әдетін қалыптастыру», – деді ол.

FAQ TCP/KAZ/3901 жобасы аясында мамандар тобы Макинск мектебінде болып, оны аймақтағы оқушылардың саулығын жүйелі түрде жақсарту үлгісі ретінде атап өтті. Сондай-ақ мектеп асханасын органикалық ауыл шаруашылығымен байланыстыруға да

назар аударылып отыр – бұл тұрақты шешімдердің бір бөлігі болмақ.

Сонымен қатар «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» қорының қолдауымен мектепке жаңа заманауи жабдықтар сатып алынатын болды.

«Біз мектептерді есеп үшін емес, балалардың сапалы білім алуы, денсаулығы мен ұстаздардың жайлы жұмысы үшін жаңғыртамыз. Ауылды жерлердегі балалар да елордадағы және ірі қалалардағы оқушылармен бірдей жағдайға ие болуы керек», – деді Марат Ахметжанов.

Сонымен бірге аймақ басшысы жұмыс сапары барысында Президент тапсырмасына сәйкес халықты толық ауыз сумен қамту жобасының іске асырылу барысын тексерді. 18 мыңнан астам халқы бар Макинскте жұмыс белсенді жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстарының 70%-ы орындалды. Енді су қоймаларын орнату мен сорғы станцияларын салу аяқталуы тиіс. Қаржы дер кезінде бөлінсе, барлық жұмыстарды осы жылдың 1 желтоқсанына дейін толық аяқтау жоспарланып отыр.

Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайтынан.



Еңбек талғамайтын қарапайым жан

«Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі» дегендей биылғы жыл «Жұмысшы мамандық жылы» деп жарияланғалы бері еңбек адамдарына деген құрмет одан сайын арта түскендей. Жалпы еңбек адамы деп адал маңдай терімен нәпақасын тауып, қоғамның гүлденуіне өз үлесін қосып келе жатқан адам. Еңбек адамы туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы – бұл істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат» деген болатын. Бүгінгі әңгімемізге арқау еткелі отырған еңбек адамы – Тілеуқабыл Амантайұлы Мамлин. Қалалық әкімдікте көлік жүргізуші болып еңбек ететін Тілеуқабыл Амантайұлы көпшілікке етене таныс. Әсіресе көктемгі су тасқыны кезінде тізеден су кешіп, күн-түн демей жүгіріп, қызмет етті. Жалпы Тілеуқабыл Амантайұлы көршілес Біржан сал ауданына қарасты Степняк қаласының тумасы. Мектеп қабарғасын бітіргеннен кейін Казгородок училищесіне тракторис-машинис мамандығына оқуға түсті. Кейін Мәскеуде әскери борышын өтеді. Отан алдындағы борышын өтегеннен кейін отбасын құрып, жұмыс барысымен Астана қаласына қоныс аударды. Алғаш еңбек жолын Қазақ Драма театрында электрик болып бастап, 5 жыл еңбек етті. Кейін қызметі Ұлттық қауіпсіздік комитетінде жалғасып, сол қызметтен еңбек демалысына шықты. Зейнетте болса да



қол қусырып қарап отырмай еңбекке араласып келеді. Мақала кейіпкерінің өзі: «Жастаймынан еңбекке араласқандықтан болар үйде отыра алмаймын» дейді. Қиналғанға қол ұшын беріп, жұмыс талғамай білек сыбанып кірісе беретін Тілеуқабыл Амантайұлының үйреншікті әдеті. Басында айтқандай осы бір әдетін су тасқыны кезінде көріп, куә болған едік. Кез келген қызметті барын салып істейтін нағыз еңбек адамы осындай болса керек.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

Общественный прием

В общественной приемной партии «AMANAT» провела прием граждан по личным вопросам.

Первый обратившийся – житель района, имеющую вторую группу инвалидности. В январе текущего года у него сгорел дом, беда пришла откуда не ждали. Для проведения работ по восстановлению дома мужчина не располагает достаточными средствами, обратился с просьбой содействия в данном вопросе.

Также выслушала просьбу землячки, женщины средних лет о трудоустройстве.

Вопрос о трудоустройством обратившейся был решен на месте. Содействие с ремонтом сгоревшего дома останется на контроле.



С миссией партийного контроля

Как известно, в районном центре - г. Макинске - проводится капитальный ремонт двух школ. Строительные работы идут полным ходом.

С миссией партийного контроля вместе с председателем районного филиала партии «AMANAT» Раушан Хожабай в очередной раз посетили объекты.

Следует отметить, что вся социально-образовательная инфраструктура страны находится под контролем партии «AMANAT». Это важно, ведь партия ставит цели для того, чтобы дети получали хорошее и качественное образование, для этого создаются должные условия.

К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата.

АУДАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ РАЙОНА

Закон и порядок

Работать нужно системно и сообща

Безопасность дорожного движения обсудили в формате круглого стола на рабочем заседании, прошедшем под председательством заместителя акима района Самата Жусупова.

В обсуждении актуальной темы приняли участие аким города Макинск Молдагали Кеженев, руководитель отдела жилищно-коммунального хозяйства Асылбек Есимов, представитель административной полиции Буландынского районного отдела полиции Бекзат Тургумбаев, а также старший дознаватель отдела по чрезвычайным ситуациям Буландынского района Фархат Жумабеков.

Вопросы обеспечения безопасности на дорогах района, профилактики дорожно-транспортных происшествий, а также меры по улучшению улично-дорожной инфраструктуры наиболее актуальные в обществе. Они требуют комплексного подхода, включая в себя как соблюдение правил дорожного движения всеми участниками, так и

поддержание дорог в надлежащем состоянии.

Весомая роль отводится контролю, то есть проведению регулярных проверок соблюдения Правил дорожного движения водителями и пешеходами. Необходимыми для выявления нарушений и пресечения нарушений, которые могут привести к авариям. Также весомое значение имеет состояние транспортных средств, разъяснительная работа и взаимодействие между местной исполнительной властью, правоохранительными органами и другими службами, заинтересованными в вопросе безопасности на дорогах. За безопасность на дорогах отвечают не только стражи общественного порядка и государственные струк-



туры, это общая задача для каждого, для всего общества. Учитывать ребенка быть законопослушным надо в семье, с малого возраста.

Да, работа проводится повсеместная, устанавливаются «лежание полицейские», знаки, ограничивающие скорость

времени самых продолжительных школьных каникул, поэтому особую опасность вызывают дети, которые ездят по городу на скейте, роликах, велосипедах. Обсудили участники заседания вопрос состояния улично-дорожной инфра-

транспорта, однако, не секрет, что многие участники дорожного движения попросту игнорируют законодательные нормы. Часто можно заметить, как не пропускают пешехода, едут на запрещающий красный свет светофора, не соблюдают скоростной режим на оживленных, центральных улицах города. Ведь на многих улицах, ввиду отсутствия тротуаров, люди идут по обочинам. На повышенной скорости водитель просто не среагирует и может случиться беда. Сейчас

структуры: проводится ли ремонт и реконструкция дорог, как регулярно устраняются ямы и выбоины, обеспечено ли в достаточной степени освещение улиц и дорог, особенно в темное время суток, для повышения видимости и безопасности. Ведь для того, чтобы требовать соблюдения Правил дорожного движения, необходимо, в первую очередь, создать соответствующие условия для всех его участников.

В целом, обеспечение безопасности на дорогах и профилактика ДТП – это комплексная задача, требующая совместных усилий органов власти, правоохранительных органов, транспортных организаций и самих участников дорожного движения. Только системный подход и постоянное внимание к этой проблеме позволят снизить аварийность и повысить безопасность на дорогах района.

Участники заседания озвучили предложения по усилению межведомственного взаимодействия и повышению уровня профилактической работы с населением.

А. АМАНЖОЛОВА.

Турнир памяти: уважение, преемственность, воспитание

Ветеранское движение в спорте играет важную роль в передаче опыта и мотивации молодому поколению спортсменов. За последнее время в районе футбольной командой «Буланды 60+» Лиги Любителей Футбола РК были организованы и проведены несколько турниров по футболу. Спортивные площадки, на которых проводились спортивные встречи, наполнились особой энергетикой и заряжали любителей искусства на поле бодростью и здоровым азартом. Отрадно, что к спортивному движению подключаются новые игроки, ведь спорт, несомненно, объединяет.

В минувшую субботу на центральном стадионе г. Макинска состоялся турнир по футболу, посвященный памяти двух наших уважаемых земляков, патриотов Буландынского района и достойных граждан страны – Виктора Яковлевича Бондаренко и Турсунбека Алтайбековича Булатова. Все годы своей жизни они пользовались большим авторитетом не только в нашем городе, но и далеко за пределами. Вежливость, доброта, уважительные отношения к жизни, родным, друзьям, работе, умение находить компромиссы, способность анализировать свои действия, поступки помогало им поддерживать высокий уровень мотивации, создавать вокруг себя дружественную атмосферу. Их любовь к футболу была неотъемлемой частью их жизни: Виктор Яковлевич был связан со спортом профессио-

нальными узами, являясь тренером. Турсунбек Алтайбекович любил в свободное от работы время играть в этот прекрасный вид спорта. Оба были несомненными фанатами футбола.

Виктор Яковлевич Бондаренко родился 4 сентября 1951 года. После окончания школы закончил факультет физического воспитания Петропавловского государственного педагогического института, после чего и начался его путь тренера. В период работы его воспитанники становились неоднократными победителями в соревнованиях областного и республиканского масштабов в играх «Золотая шайба», «Кожаный мяч», «Хрустальный колос» и т.д. Неоднократно поощрялся грамотами, ценными подарками, имел правительственные награды. За время работы он воспитал большую плеяду спортсменов, которые стали достойными гражданами нашего общества, многие из которых продолжили свой спортивный путь. Воспитал двух сыновей, имел трех внуков, одну правнучку. В последние годы жизни он был тренером команды ветеранов дивизиона 60 плюс Лиги



Любителей Футбола Казахстана «Буланды» города Макинска, 8 из которых – его воспитанники.

Турсунбек Алтайбекович Булатов родился 14 сентября 1962 года в городе Макинске. С 1969 по 1979 год учился в школе, также закончил музыкальную школу по классу баяна. Рос, учился, с детства «гонял» со сверстниками мяч, помогал родителям по хозяйству, которые и привили у него любовь к труду и окружающим. В 1980 году был призван в ряды Советской Армии и в 1982 году был демобилизован, после чего, получив средне-специальное медицинское образование, женился и стал работать в Макинской

районной санэпидемстанции в должности санитарного врача. В период жизни работал в Бестобинском отделении снабда ГОК «Каззолото» главным экспедитором, инженером механиком в крестьянском хозяйстве «Сарытомар» города Макинска, заместителем директора в «Бат Сервисе», начальником АЗС «Бахыт» в ТОО «Кокшетау Мунай Компания». Где бы он не работал он подавал пример коллегам и окружающим своей ответственностью и добросовестностью, был внимательным, пунктуальным. Принимал активное участие в спортивных мероприятиях района по футболу, волейбо-

лу, тем самым привив любовь к спорту своим двум сыновьям, старший из которых бежит марафон на большие дистанции. С момента образования команды «Буланды» он был постоянным представителем команды во всех соревнованиях, в которых принимала участие команда, не пропускал ни одного соревнования пока позволяло здоровье, пользовался большим уважением в команде. Был любящим братом, отцом двух сыновей и дедом пятерых внуков, всегда был доброжелательным, общительным, отзывчивым.

Во время турнира о коллегах, соратниках, друзьях и наставниках – Викторе Яковлевиче

и Турсунбеке Алтайбековиче было сказано много теплых, добрых слов. Друзья отмечали, что можно многое почерпнуть из их жизни и деятельности, так как свойственные им опыт, знания и достижения могут стать ценным уроком для каждого из нас. Их вклад в развитие спорта и жизни нашего города и района в целом являются ярким примером для подражания. Пусть их имена послужат нам источником вдохновения и мотивации в стремлении к новым свершениям.

Игроки показали в этот день хорошую и интересную игру. Ведь подобные турниры становятся доброй традицией в районе и долгожданным праздником, где ветераны спорта демонстрируют командный дух, ловкость, силу, умение бороться и побеждать, а это – славаемые не только спортивного успеха.

По результатам захватывающей игры определилась тройка лидеров: 1 место заняла команда «Буланды», 2 место – команда «г. Макинска», 3 место – команда «г. Кокшетау».

Следуя традициям, были названы лучшие игроки турнира по номинациям. «Лучший защитник» – П. С. Налижетый («Буланды»), «Лучший вратарь» – Т. С. Рахимжанов («г. Макинск»), «Лучший нападающий» – Ж. К. Шайсултанов («Биржан Сал»), «Полезный игрок» – А. Т. Нуртлесов («г. Кокшетау»).

Победителям турнира были вручены ценные призы, грамоты и дипломы.

А. АМАНЖОЛОВА.
Фото А. КОНДРАТЬЕВА.



Сібір жарасын алдын алу жайлы халыққа арналған жаднама

Сібір жарасы – адам және жануарлардың жоғары өлімімен өтетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Сібір жарасының қоздырғышы қоршаған ортаға тезімді болып келеді: топырақта ол ондаған жылдар бойы сақтала алады. Ауру жеке органды ғана емес, тұтас ағзаны да зақымдайды. Инфекция көзі науқас жануарлар болып табылады: ірі қара мал, жылқылар, есектер, қойлар, ешкілер, бұғылар, түйелер.

Аурудың негізгі жұғу жолы – су арқылы, жем арқылы.

Жануарлардағы сібір жарасы келесі

ерекшеліктермен сипатталады: дене қызуының көтерілуі, қан қысымының төмендеуі, қанды іш өту және құсу, найзағай тәрізді формасында жануарларда ұстама, жүрісінің өзгеруі пайда болады. Жануарлар құлайды, ауыз қуысынан, мұрынынан, анустан қан бөлінеді. Өлім 30-60 минуттан соң туындайды. Басқа неғұрлым ұзақ өтетін формаларында алдымен малдың төбеті төмендейді, сиырлардың саумасы азайып, сүттің дәмі ащы, консистенциясы шырышты, түсі қанды болады. Жануарлардың терісінде жара, ісіну

болуы мүмкін. Өлген жануарлардың қаны қара май түсті болады, ұйымайды. Ол жиі мұрыннан, анустан ағуы мүмкін. Мәйіттің сіресуі болмайды.

Алдын алу шаралары:

- ауыл шаруашылық малдарына міндетті түрде вакцинация шараларын жүргізу;
- сібір жарасын жұқтырған немесе күдікті жануарларды дереу оқшаулау;
- барлық күдікті жағдайда немесе мал өлуінің болғаны кезде дереу мал дәрігеріне хабар беру;
- ауырған мал болған кезде дереу

мал дәрігерін шақыру;

- малдарды дереу сою жағдайы болған кезде еттің және басқа өнімдердің қауіпсіздігін растау үшін міндетті түрде зертханалық зерттеулер жүргізу керек;
- ауыл шаруашылық малдарын тасымалдау (орын ауыстыру) кезінде міндетті түрде ветеринариялық мамандарға хабар беру керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!
Өзіңіздің денсаулығыңызды қауіп-қатерден сақтау үшін тағамға қолданылатын мал өнімдерін, оларды

өңдеуден өткізу тек ветеринариялық сараптамадан кейін қолданғаныңыз жөн!

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ: сібір жарасы аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады.

Қандайда бір мәлімет алу үшін 2-15-09 телефонына хабарласып, не болмаса Яглинский көшесі, 42 үй, 2 қабат мекенжайына келулеріңізге болады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Буланды аудандық аумақтық инспекциясы.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР – НА АКТУАЛЬНЫЕ ТЕМЫ

Макинск қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында жыл сайын «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізеді.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке даярлауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке баратын жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға зейіні мен шынайы қамқорлығын көрсете алады.

Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акцияның басталуы 2025 жылғы 1 тамыздан бастап, аяқталуы - 2025 жылғы 30 қыркүйек.

Біздің ауданда осындай отбасылардан шыққан оқушылар бар, сондықтан өскелең ұрпақты оқыту проблемасына бей-жай қарамау керек, өмірлік қиын жағдайға тап болған кішкентай отандастарымызға көмектесе алатын әрбір адам мұны істеуі керек.

Сонымен қатар, аз қамтылған, мұқтаз отбасылардың проблемаларына бей-жай қарамайтын кәсіпкерлерді және барлық тұрғындарды ынтымақтастыққа шақырамыз.

Ақпарат алу үшін ауданның білім бөліміне телефон арқылы хабарласуға болады 8 (71646) 2-15-26, 8 (71646) 2-12-52.

Барлығы көмектесе алады!

Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі.

Уважаемые жители и гости города Макинска!

Министерством просвещения Республики Казахстан в целях оказания помощи школьникам из числа малообеспеченных и многодетных семей, детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей в период подготовки к началу учебного года и предупреждения неявки детей в школу по социальным причинам ежегодно проводится

республиканская акция «Дорога в школу».

Каждый гражданин Республики Казахстан может проявить гражданскую активность в оказании посильной адресной помощи в подготовке в школу детей из социально-уязвимых слоев населения, внимание и настоящую заботу каждому ребёнку, чтобы его дорога в школу

была радостной.

Цель Акции - оказание материальной поддержки школьникам из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам, а также детям, оставшимся без попечения родителей, во время подготовки к началу учебного года и предупреждение неявки детей в школу по социальным причинам.

Старт Акции с 1 августа 2025 года, завершение – 30 сентября 2025 года.

В нашем районе есть школьники из таких семей, и поэтому равнодушных к проблеме обучения подрастающего поколения быть не должно, каждый, кто может помочь маленьким нашим согражданам, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, должен это сделать.

Кроме того, приглашаем к сотрудничеству бизнесменов, предпринимателей и всех жителей, неравнодушных к проблемам малообеспеченных, нуждающихся семей.

За информацией обращаться в отдел образования района по телефону 8 (71646) 2-15-26, 8 (71646) 2-12-52.

Помочь может каждый!

Отдел образования Буландынского района.




Громкие чтения: познаем мир с книгой

В Модельной детской библиотеке было организовано мероприятие, посвященное громким чтениям. Дети с удовольствием читали свои любимые сказки, делись эмоциями и впечатлениями от прочитанного. Это не только способствует развитию интереса к чтению, но и помогает укрепить навыки публичного выступления и уверенности в себе. В процессе чтения обра-

щались к ребятам с вопросами, вовлекая детей в обсуждение сюжетов и персонажей, что сделало мероприятие интерактивным и увлекательным. Такие встречи способствуют формированию культурной среды и любви к литературе с раннего возраста.

А. ЕСИМОВА, специалист
Модельной детской библиотеки.



Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы Бұланды ауданында



2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстанда екінші Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл – БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) ұсынымына сәйкес, әр 10 жыл сайын бір рет өткізілуі тиіс маңызды

статистикалық іс-шара. Алғашқы санақ 2006–2007 жылдары өткен.

Санақтың мақсаты – ауыл шаруашылығы саласының қазіргі жағдайы туралы толық әрі өзекті ақпарат жинау: шаруашылықтардың құрылымы, техника мен жануарлар саны, егіс алаңдары және басқа да ресурстар. Бұл мәліметтер мемлекетке тиімді аграрлық саясат әзірлеуге, фермерлерді қолдауға және саланы дамытуға көмектеседі.

Санақ екі кезеңде өтеді:

1–31 тамыз – онлайн-кезең.

Барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері gov.kz сайтында сауалнаманы өз бетінше толтыра алады. Бұл – жылдам, ыңғайлы және қауіпсіз.

20 қыркүйек – 20 қазан – офлайн-кезең.

Онлайн-сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын интервьюерлер планшет арқылы жеке аралап, сауалнама жүргізеді.

Қатысуы тиіс тұлғалар:

Өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен немесе балық өсірумен айналысатын ЖШС, жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары; Ірі қара, құс өсіретін, бау-бақша ұстайтын жеке қосалқы шаруашылық иелері.

Сұрақтар мынадай тақырыптарды қамтиды:

Ауыл шаруашылығы жерлерінің болуы және түрлері;

Мал мен құс саны;

Қолданыстағы техника;

Егіс алқаптары және т.б.

2025 жылғы 1–31 тамыз аралығында санақтың бірінші кезеңі өтеді. Осы кезеңде барлық қатысушылар sanaq.gov.kz сайтында онлайн сауалнамадан өте алады. Онда екі түрлі сауалнама қолжетімді болады – ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін және үй шаруашылықтары үшін. Бұл туралы Kazpravda.kz ҚР Ұлттық статистика бюросына сілтеме жасап хабарлады.

Занды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары Өсімдік, мал немесе балық шаруашылығымен айналысатындар 2-СХП/КФХ сауалнамасын толтыруы тиіс. Ол 9 бөлімнен және 29

Национальная сельскохозяйственная перепись в Буландынском районе

Ауыл шаруашылығы – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО – БОГАТСТВО СТРАНЫ! ВНЕСИ ВКЛАД, УЧАСТВУЙ В ПЕРЕПИСИ!

Ауыл шаруашылығы санағы 1 тамыз-31 тамыз sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу	20 қыркүйек-20 қазан Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі
Сельскохозяйственная перепись 1 августа-31 августа Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz	20 сентября-20 октября Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446

www.sanaq.gov.kz

сұрақтан тұрады. Бұл сауалнамада жер көлемі, оны пайдалану тәсілі, суару әдістері, жердің меншікте немесе жалда екенін көрсету қажет.

Сондай-ақ, мал, құс, балық саны, техника мен жабдық, қоймалар және басқа да нысандар туралы ақпарат сұралады. Қатысушылар тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім шығару, өнімді сату немесе тұтыну, жұмысшылар саны мен олардың сипаттамалары туралы мәлімет береді.

Егер шаруашылық бірнеше өңірде жұмыс істесе, әр өңір үшін бөлек сауалнама толтырылуы тиіс. Онда жер, егістік, мал мен құстың нақты орналасқан жері көрсетілуі керек.

Үй шаруашылықтары (3-ЛПХ сауалнамасы)

Өсімдік өсірумен немесе мал, құс ұстаумен айналысатын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Сауалнама 8 бөлімнен, 22 сұрақтан тұрады. Онда өсірілетін дақылдар, мал мен құс саны, жайылымдардың пайдаланылуы, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, өнімнің сатылуы немесе жеке тұтынуға арналғаны көрсетіледі.

Барлық деректер құпия сақталады және тек статистикалық мақсатта пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаментінің Бұланды ауданының статистика басқармасы.

Наличие и виды сельхозугодий;
Количество скота и птицы;
Используемая техника;
Посевные площади и др.

С 1 по 31 августа пройдет первый этап Национальной сельскохозяйственной переписи. В этот период все участники смогут пройти ее онлайн на сайте sanaq.gov.kz, где будут доступны две версии опросных листов – для сельхозпроизводителей и для домохозяйств, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на Бюро национальной статистики АСПИР РК.

Юридические лица, индивидуальные предприниматели и крестьянские (фермерские) хозяйства, занимающиеся растениеводством, животноводством или рыболовством, должны заполнить переписной лист 2-СХП/КФХ. Он состоит из девяти разделов и включает 29 вопросов. В форме необходимо указать площадь земельных участков, способ их использования, применяемые методы орошения, а также информацию о том, находится ли земля в собственности или в аренде.

Отдельные вопросы касаются количества сельскохозяйственных животных, птицы и рыбы, которые содержатся в хозяйстве, наличия техники, оборудования, складов, хранилищ и других сооружений, используемых в работе. Участникам также предстоит сообщить об использовании удобрений, средств защиты растений, выпуске органической продукции, реализации сельхозпродукции, а также о числе работников и их характеристиках.

Если хозяйство ведет деятельность в нескольких регионах, необходимо заполнить отдельный переписной лист для каждого региона с указанием точного местонахождения земель, посевов, животных и птицы.

Домохозяйства, которые выращивают сельскохозяйственной культуры или содержат скот и птицу, также принимают участие в переписи. Для них предусмотрен опросный лист 3-ЛПХ. В нем нужно указать, какие культуры выращиваются, сколько животных и птицы содержится, используются ли пастбища, есть ли постройки для содержания скота, а также продается ли продукция или используется для собственного потребления. Всего опросник по домохозяйствам охватывает 8 разделов из 22 вопросов.

Все данные конфиденциальны и используются только в статистических целях.

Управление статистики Буландынского района Департамента Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Акмолинской области.

Что будут спрашивать:

Бұланды ауданы бойынша берілген жер учаскелері бойынша ақпарат

№ р/б	ҚАНТАР Жер пайдаланушының толық аты	Жер учаскесін беру негізі	Нысаналы мақсат	Көлемі, га	Жер учаскесінің орналасуы	Құқықтың түрі, жалдау мерзімі
1	Серік Тө леутайұлы Шортаев, Гаухар Балтабекқызы Шортаева, Камила Серікқызы Шор-таева, Таирхан Серікұлы Төлеутай, Алихан Серікұлы Төлеутайұлы	Макинск қаласының әкімінің 13.01.2025 жылғы №110000012129 өкімі	тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	0,094	Ақмола об-лысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Болашақ шағынауданы, 11	ортақ меншік
2	Канат Куттыбайұлы Бакиркалиев	Макинск қаласының әкімінің 15.01.2025 жылғы №110000012277 өкімі	бау-бақшаға қызмет көрсету үшін	0,1192	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Кольцо СЖТМИТК	жеке меншік
3	Жан Андреев Деев	Макинск қаласының әкімінің 13.01.2025 жылғы №110000012129 өкімі	бау-бақшаға қызмет көрсету үшін	0,0605	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Кольцо СЖТМИТК	жеке меншік
4	Мадина Рахымқызы Онгарбаева	Макинск қаласының әкімінің 13.01.2025 жылғы №110000012129 өкімі	бау-бақшаға қызмет көрсету үшін	0,1195	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Кольцо СЖТМИТК	жеке меншік
5	Адилбек Арбашұлы Жубеков	Макинск қаласының әкімінің 13.01.2025 жылғы №110000012129 өкімі	бау-бақшаға қызмет көрсету үшін	0,1194	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Кольцо СЖТМИТК	жеке меншік
6	Петр Иванович Кочкин, Галина Ивановна Кочкин, Елена Петровна Иванова, Олеся Петровна Кочкина	Макинск қаласының әкімінің 13.01.2025 жылғы №110000012129 өкімі	тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	0,0302	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Кольцо СЖТМИТК	ортақ меншік
№ р/б	АҚПАН Жер пайдаланушының толық аты	Жер учаскесін беру негізі	Нысаналы мақсат	Көлемі, га	Жер учаскесінің орналасуы	Құқықтың түрі, жалдау мерзімі
1	А.П.Джурманова	Макинск қаласының әкімінің 11.02.2025 жылғы №29 өкімі	тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	0,1	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Ма-кинск қаласы, Ғабит Мүсірепов көшесі, Жер учаскесі №16	жеке меншік
2	Ж.Е. Касымов	Макинск қаласының әкімінің 11.02.2025 жылғы №110000012653 өкімі	тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	0,1	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Северо-Восточная аумағы, 4Б үй	жеке меншік
3	Г.С. Гусманова	Макинск қаласының әкімінің 04.02.2025 жылғы №110000012671 өкімі	бақша жүргізу үшін		Ақмолинская об-ласть, Буландынский район, Макинске, СЖТМИТК Кольцо	жеке меншік
4	В.В.Абратова	Макинск қаласының әкімінің 25.02.2025 жылғы №110000012981 өкімі	дүкенге қызмет көрсету үшін	0,003	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Ми-хаил Яглинского, 17	жеке меншік
5	М.С. Сулейменова	Макинск қаласының әкімінің 19.02.2025 жылғы №110000012922 өкімі	бақша жүргізу үшін	0,0986	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, СЖТМИТК Кольцо	жеке меншік
6	А.С. Аймбаева	Макинск қаласының әкімінің 20.02.2025 жылғы №110000012960 өкімі	бақша жүргізу үшін	0,117	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, СЖТМИТК Кольцо	жеке меншік
7	С.Р. Сейдалиев	Макинск қаласының әкімінің 20.02.2025 жылғы №110000012967 өкімі	бақша жүргізу үшін	0,117	Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, СЖТМИТК Кольцо	жеке меншік
